

COVID-19

ВАКЦИНА ТУРАЛЫ АҢЫЗ бен АҚИҚАТ

2019 жылдың қорытындысы бойынша 17 мың қазақстандық вакцина көмегімен бас тартқан. Коронавирус пайда болалаы бери вакцинаны жайлы жүйе ақтама бастады. Тезірек дертті ауыздықтайтын емнің дайын болғанын біріз де қалаймыз. Бірақ вакцина тек коронавирусты үшүн емес, басқа да қаншама ауру үшүн ауадай қажет. Міне, осыған келген кезде қогамның пікірі екіге жсарылады. Бірі – қолдаушылар болса, бірі – түрлі ауруға қарсы салынатын жалпы вакцинация процесіне күмәнмен қараушылар.

белгілі қазақстандық дәрігер вакцинация қанша адамның өмірін сақтап қалатынын айтты

«Әлем бойынша жыл сайын түрлі инфекциялардан 12 миллион бала көз жұмады. Соның ішінде 7,5 миллион бала қазірге дейін вакцинасы табылмаған дерттен көз жұмса, 4 миллионы иммундық профилактика арқылы алдын алуға болатын аурулардан қайтыс болды. Вакцинаның арқасында біздің елде шешек ауруы жоқ. Соңғы жылдары полиомелит, тырсықсақ, оба аурулары да тіркелмеді. Өкінішке қарай, қызылша, коккалел сияқты аурулар әлі бар», – дейді ҚазҰМУ профессоры Әділ Қатарбаев.

Аталған университеттің құрметті профессоры Сәкен Әміреәлиннің айтуынша, 1967 жылдан бастап қызылшаға қарсы екпе жасалып, нәтижесінде балалар арасындағы ауру деңгейі 150 есеге төмендеген. Алайда 2015-2017 жылдары қызылшаға шалдыққандар саны күрт артқан. Осы жылдары вакцинадан бас тартушылар да көбейіп кеткен.

«Бірнеше мың адам ауырды. Аурудың жедел тарауы медициналық, экономикалық тұрғыда ғана емес, моральдық-психологиялық тұрғыда да ауыр тиді. 16 мың бас тарту

дерегі тіркеліпті. Осының салдарынан қаншама қиын жағдай туындады. Көбіне балалары 1 жасқа толмаған ата-аналар бас тартқан», – дейді Сәкен Әміреәлин.

Мамандардың сөзінше, вакцина ұжымдық иммунитет қалыптастырады. Бірақ жыл санап бас тартушылар саны көбейіп келе жатыр. 2019 жылдың қорытындысы бойынша 17 мың қазақстандық вакцина көмегінен бас тартқан.

Қазақстанға вакцина қай елдерден әкелінеді?

Қазір елімізде жоспарлы вакцинация 21 инфекциялық ауруға қарсы жасалады. Ал жоспарлы міндетті вакцинация 13 инфекцияға қарсы салынады. Қалғандары эпидемиологиялық көрсеткіштерге сүйеніп отырып тағайындалады. Жалпы, вакцинаны ойлап табу, оны клиникалық сынақтан өткізу және тіркеу бірнеше жылға созылады. Соңғы 5 жылда елімізге 38 вакцина түрі жеткізілген. Негізгі тасы-

малдаушы – АҚШ пен Еуропа елдері. Нақтылап тоқталсақ, туберкулезге қарсы – Жапония, Дания, Оңтүстік Корея, вирусті гепатитке қарсы – Оңтүстік Корея, В гепатитіне қарсы – Куба елдері бізге вакцина жеткізеді. Олардан бөлек Бельгия, Франция, Үндістан, Ресей елдері бізге үнемі вакцина тасымалдайды.

Ғалым вакцинадан кейін адам денсаулығында кері әсер белгілері көрініс беруі мүмкін екенін жоққа шығармайды.

«Иә, бұл өтірік емес. Алайда ондай жағдайлар өте сирек кездеседі. Мен 30 жылдан астам уақыт бойы балалар инфекциялистикалық инфекциямен істеп келе жатырмын. Осы уақыт ішінде әртүрлі инфекциялық ауруға шалдыққан он мыңдаған балаға көмек көрсеттім. Өз тәжірибемде байқағанымдай: вакцинадан кейін балада түрлі реакция болады: дене қызуының көтерілуі, жылау, мазасы кету, екпе салынған жердің қызаруы, тағы да басқа. Ол ары кетсе 2-5 күнге созылады және бұл жағдай ата-анаға да, медициналық қызметкерге де таныс нәрсе», – дейді Әділ Қатарбаев.



Еске салсақ, бірнеше күн бұрын сенат «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» заң жобасын мәжіліске қайтарып берген болатын. Депутаттар балаларына вакцина салдыру бойынша ата-анаға өзіндік құқық беретін өзгертулер мен толықтырулар енгізген. Бұл туралы сенатор Серік Бектұрғанов «Коллекс жобасын талқылау барысында айтылған міндетті екіпелерден бас тарту мүмкіндіктеріне күмән туғызатынын ескере отырып, ата-аналардың өз бетінше және саналы шешім қабылдау құқығын растау қажет деп санаймыз. Мұны азаматтардың келісімі беру құқығына қосу немесе медициналық араласудан бас тарту жолымен жасау ұсынылады» деген еді.

Дереккөз: kursiv.kz

ҚАРСЫ КӨРСЕТІЛІМДЕР ТУРАЛЫ БІЛГЕН ЖӨН



Кез келген басқа медициналық өнім сияқты, коронавируска қарсы вакциналардың қарсы көрсеткіштері бар, оларда вакцина ауыр жағымсыз реакцияларды болдырмау үшін берілмейді.

Қазақстанның бас санитарлық дәрігері Ерлан Қиясов 5 пункт анықталған қаулыға қол қойды. Жаңа қаулыға сәйкес вакцинаны енгізуге қарсы көрсеткіштер:

- вакцинаның кез келген компонентіне (белсенді заттарға, қосалқы заттарға) аллергия немесе осы вакцинаны алдығы енгізілуіне аллергиялық реакциялар;
- анамнезінде ауыр созылмалы ауру немесе жоғары сезімталдық;
- жоғары температура немесе аурудың өткір кезеңі, вакцинаны бұлшықет ішіне енгізгенде қан кету қаупіне байланысты;
- жүктілік және лактация кезеңі;
- 18 жасқа дейін.

«Sputnik V» вакцинациясы сақтықпен жүргізіледі, егер адамда мына аурулар турлері болса:

- бүйрек пен бауырдың созылмалы аурулары;
- эндокриндік аурулар;
- қан түзу жүйесінің ауыр аурулары;
- эпилепсия және орталық жүйке жүйесінің басқа аурулары;
- жедел коронарлық синдром;
- жедел ми қан айналымының бұзылуы;
- жүрек тіңдеріндегі қабыну процесстері (мысалы, миокардит).

Мысалы, қазір адамда бүйрек

кабынуы немесе басқа аурулардың өршуі байқалады, сондықтан оған сауығуға уақыт беріледі. Егер бірінші вакцинациядан кейін коронавирус инфекциясы пайда болса, онда препараттың екінші компоненті енгізілмейді. Ревакцинацияны алты айдан кейін жасауға болады.

Бұл препаратпен вакцинациялаудың абсолютті қарсы көрсеткіштері:

- анамнезінде ұқсас компоненттері бар басқа вакциналардан кейін байқалған ауыр вакцинадан кейінгі реакция (мысалы, температура 40 градус);
- кез келген вакцинациядан кейінгі асқынулар (шок, коллапс, құрысулар және т.б.);
- аллергиялық реакциялар тарихы (анафилактикалық шок, Квинке ісінуі, полиморфты экссудативті экзема және т.б.);
- жасы 18 -ге дейін.

Уақытша қарсы көрсеткіштерге жұппалы және инфекциялық емес аурулар жатады, сауығудан кейін 2-4 аптадан кейін вакцинациялауға болады. Созылмалы ауруларда – ремиссия басталғаннан 4 апта өткен соң.

- Жүктілік және емшек емізу

Sputnik V вакцинасының репродуктивті ұйымталғанын зерттеу барысында жүктіліктің өтуіне және ұрпақтарының дамуына теріс әсері анықталған жоқ. Бұл болашақ аналарға да вакцинациялауға болатынын көрсетеді.

Емшек емізу кезінде сіз вакцинациялай алмайсыз, себебі сүт безінде лимфа түйіндерінің, түтіктердің қатысуымен шығарылады.

- АИТВ (ВИЧ) және онкология

АИТВ вакцинацияға қарсы көрсетілім болып табылмайды. Адамда коронавируска әлсіз иммунитет пайда болады.

«Егер АИТВ жұқтырғандар ремиссияда болса, яғни олардың қанында вирустың көшірмелері қалыпты мөлшерде болса және лимфоциттердің деңгейі жақсы болса, онда олар вакцинацияланады. Рак ауруына шалдыққандарға да коронавируска қарсы вакцинация қажет.

Емдеуге арналған ұсыныстарға сәйкес егер онкологиялық диагнозы бар адам COVID-19-мен ауырып қалса және цитостатикалық терапия алса, ол оны тоқтатуға керек, бұл онкологиялық науқастар үшін өте нашар, себебі емделу уақыт жоғалады. Мұндай науқастарға ремиссия бастала салысымен вакцинациялау қажет. Вакцинациядан бұрын онкологпен кенесу қажет, ол барлық тәуекелдер мен артықшылықтарды тексереді.

Вакцинацияға кіруді кім шешеді?

Вакцинацияға рұқсат беру туралы шешімді емделуші дәрігер қабылдай алады, ол ауру тарихын және өткен вакцинацияға реакциясын қарайды, сонымен қатар иммунолог, алерголог және науқас бақыланатын басқа да мамандандырылған мамандар қабылдай алады.

Медициналық қарсылық туралы анықтаманы қалай алуға болады?

Сіз тұрғылықты жері бойынша емханада немесе адам бақыланған ауруханада адамның қарсы көрсеткіштері бар екенін анықтаған терапевт немесе басқа дәрігерден вакцинациядан медициналық қарсылық туралы анықтаманы ала аласыз. Бұл жағдайда медициналық қарсылық тұрақты немесе уақытша болуы мүмкін. Уақытша сертификат 30 күнге беріледі, содан кейін қайтадан маманға хабарласу керек.

Ардақ ИСАЕВА, «Гильман» ОДА-ның отбасылық дәрігері

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫНА

Бала кезімізде ауылымызда қолынан таспағы түспейтін ақ сәлдеті молда болды. Ақсары кескініне қарап, ауылдағылар «Ақ молда» деп кеткен. Өзі фашистермен соғысқа қатысқан ардагер еді. Майдандан жүргенінде қайдан аласалағаны белгісіз, бір алтын жасалтылған қымбат самауырды арқасындағы қапшығына тығып ұстап, соғыс біткен соң елге ала келіпті. Осыны естігенде өз басым сол молданың қапшығуында шінде жүрсем де дүние-мүлікке қызықпана қайран қалып, оның қамдылығын жайлы жұртқа айтқан уағыздың шынайылығына сенбеуім едім. «Аңқау елге – арамза молда» деген мақал сол кісіге қарата айтылғандай көрінетін...

АҢҚАУ ЕЛГЕ – АРАМЗА ШЕНЕУНІК

Жақында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қызметкерлері Талдықорған қаласында коронавирусты пандемиямен күрес жөніндегі мониторингтік топтың пара алумен айналысқан мүшелерін ұстағандығы жайлы хабарды естігенімде баяғы «Ақ молда» еркісіз есіме түсті. Өйткені бұл шенеуніктер де қазіргі мылтықсыз майдан – күн сайын талай адамның өмірін жалмап жатқан тажал индет кезінде жұртқа сәт болу жөнінде ақыл айттып жүргенімен, шын пайғалдары ел басына түскен қасіреттен пайда тауып қалу болғаны ғой. Антикор жариялаған мәліметке қарағанда, Талдықорған қаласы кәсіпкерлік бөлімінің басышысы мен оның қарамағындағы бас маман сыбайласып, көп адамның қатысуымен өтетін той-думанға, ас беру тыйым салынғанына қарамастан, мейрамханалардың иелерінен және рұқсат етілмеген орындарда саяда жасаушылардан жүйелі түрде 20 мыңнан 270 мың теңгеге дейін пара алып, жол беріліп жатқан заң бұзушылықтарды көрсем де көрмегеніп жүрген.

Былтыр индет үдеп, бүкіл қаланың шетіндегі жолдарға бақылау-өткізу пункттері орнатылып, кіруге де, шығуға да қатаң шектеу қойылғанда алыстағы ауылда тұратын бір қарапайым әйелдің 650 шақырымдай жердегі Қарағанды қаласында болған тойға барып келгенін естігенімде сенер-сенбесімді білмедім еді. Кейін оның жолдағы бөгесіндерден қалай өткенін сұрастырып білгенімде жағамды ұста-

дым. Сөйтсем, бақылау-өткізу пункттерінде кезекшілік атқарып, тексеріс жүргізетін кейбір шенеуніктер карантин жағдайында тойшылап жүрген ағайындарға басында қабақтарын түкісітіп, ұрса жөңелгендерімен, «өпті көрген» пысықайлар: «Көке, шақырған туыстан ұялғаннан соң шықтық жола. Жағдайымызды түсініңізіші. Мүмкін, «келісіміз...», дегенде күлісіреп сала беретін көрінеді. Ал араларынан ондай «келісімпаз» ағайын табылмай, кері бұрылғандар болса, аяқастынан пайда болатын бір «делдал» сондарынан қуып жетіп, «қатап» шенеуніктермен «келісуге» болатынын, оның аса қымбатқа түсейтінін айтып, тойшылардың бақылау-өткізу пункттерінен кедергісіз өтуіне «көмектесіп» жатады екен. Өткен жылы бірнеше шенеунік осындай «ақшыл қызметі» үшін ұстатып, абыройлары айрандай төгілген. Мәселен, Антикор қызметі былтыр сәуір айында Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімі аппаратының екі бас маманы төтенше жағдай кезінде бақылау-өткізу пунктінде кезекшілік жасау барысында азаматтарды оңтүстік астанаға кедергісіз өткізгені үшін бірнеше мәрте пара алды деген күдікпен ұстап, сот санкциясымен қамауға алынған болатын. Сондай-ақ Алматы қаласы полиция департаментінің патрульдік полициясының инспекторы «Фильтр» бақылау-өткізу пунктінде жүргізушілердің қалаға еш кедергісіз кіріп-шығуы үшін пара алғандығы үшін тағы бір қылмыстық іс қозғалған.

Бұған қоса, Антикор қызметіне карантин жағдайында бақылау-өткізу пункттеріндегі полицейлердің паракорлығы, олардың көңіл көтеру орындарының қызметін қорғаштаушылығы туралы сигналдар түскен.

Түйіндей айтқанда, ел өңірлеріндегі индетке қарсы құрылған мониторинг топтарының жұмысы күткендейді нәтиже бермей, тіпті «қызыл аймақтарда» да көп кісі шақырып, той-томалақ өткізу, ас беру тыйымдай тұрандығының бір себебі – паракорлық десек, жаңылыспаймыз. Олардың жұмысында ашықтық жетіспейтіндігі де содан болады. Сондықтан да мониторингтік топтардың көбіне көз бояу үшін жүргізетін рейдтеріне БАҚ өкілдері мен блогерлерді қоспайынша, жағдай түзеле қоймас. Ал жергілікті мемлекеттік органдардың сөзі мен іс қайтпай, «қолдарында барда қоныштарын басып», құлқынның құлы болып жүрген кейбір қызметкерлерінің ел басындағы қилы кезеңдегі опасы тірлігіне қарап, ескі нақылды сал өзгертіп: «Аңқау елге – арамза шенеунік» десек, артық айтпастық.

...Кеше «қызыл аймақта» орналасқан Петропавл қаласынан тағы бір сұхбат хабар келді: жергілікті мейрамханалардың бірінде берілген аста коронавирусты жұқтырған бір әйел аяқастынан қаза болып, жұбайы аурухананың жансақтау бөліміне түсіпті...

Кәрібай МҮСЫРМАН Egemen.kz

АЗАМАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ ЛАУАЗЫМЫ БОС ҚЫЗМЕТ ОРНЫНА КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ

Жезқазған қаласы Алаш алаңы, 1, телефоны 8(7102) 736113, 734032 мекенжайында орналасқан «Жезқазған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ-сі азаматтық қызмет лауазымының бос қызмет орнына конкурс жариялайды.

Категориясы	Жұмыс өтілі бойынша лауазымдық жалақысы	
A1-3	3 жылдан 6 жылға дейін	20 жылдан 25 жылға дейін
	135232	155247

1. «Жезқазған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің орталықандарынан кітапханалар жүйесі» КММ-нің директоры, категориясы А1-3

Қызметтік міндеттері:

- Заңнамаға сәйкес кітапхана қызметінің қаржылық-шаруашылық нәтижелерінің орындалуын, қабылданатын шешімдердің орындалуын, оның төңірегіндегі кітапхана мүлкінің сақталуын және толық пайдалануын қамтамасыз етеді.
- Кітапхананың шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық жасайды, қабылданған шешімдердің орындалуын қамтамасыз етеді.
- Кітапхана қызметінің саясатын, стратегиясын және оны іске асыру механизмін айқындайды.
- Басқа ұйым, мекеме немесе заңды тұлғалармен шарттар, келісім-шарттар, операциялар жасайды, бұйрықтар шығарады, сотта, мемлекеттік органдар мен ұйымдарда ұйымның мүддесіне өкілдік етеді.
- Кітапхана жұмысшылары мен қызметкерлердің еңбек ынталылығын, бастамасын және белсенділігін дамытуға ықпал етеді.
- Құрылымдық бөлімшелердің жұмыстарын және өзара тіпті әрекеттестігін ұйымдастырады, олардың қызметтерін кітапханалық қызмет көрсетуді дамытуға және жетілдіруге бағыттайды.
- Ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіп білімдері мен тәжірибелерін тиімді пайдалану және дамыту, өмір сүру мен денсаулығы үшін қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасау, ұжымда жайлы психологиялық ахуал қалыптастыру бойынша шаралар қолданады.
- Ұжымдық шартты дайындауды, жасасуды және орындауды, еңбек тәртібін сақтауды қамтамасыз етеді, еңбек уәддесінің, қызметкерлер бастамалары мен белсенділігінің дамуын ықпал етеді.

– Кітапхана қызметіне қатысты мәселелерді шешеді, қызметті жеке бағыттарын жүргізуді директордың орынбасарларына, құрылымдық бөлімшелер жетекшілеріне тапсырады.

Үміткерлерге қойылатын талаптар: педагогикалық ғылымдар (гуманитарлық пәндер, тілдер мен әдебиет бойынша) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар (гуманитарлық ғылымдар, тілдер және әдебиет) және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша мәдениет ұйымдарында басшылық персонал лауазымдарда 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Конкурс Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы №370 бұйрығымен және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы №70 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік қоспаның мәдениет ұйымдарында басшылық персонал лауазымдарда 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі».

- Қажетті құжаттар тізімі:**
1. Конкурсқа қатысу туралы өтініш;
 2. Мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндемесі;
 3. Еркін нысанда жазылған өмірбаяны;
 4. Білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
 5. Еңбек кітапшасының көшірмесі;
 6. «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №6697 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдай туралы анықтама.
- Конкурсқа қатысушы комиссия қарауына өзінің кәсіби жетілгендігі, біліктілігін арттыру, ғылыми зерттеулер, наградлары туралы қандай да болмасын деректі расталған ақпаратты ұсынуға құқылы.

ЖОБА

Жезқазған қаласы әкімдігі қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Құқықтық актілер туралы» Заңдарының негізінде Жезқазған қаласының әкімдігі КАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жезқазған қаласы әкімдігінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы» 2019 жылғы 13 желтоқсандағы №40/01 (Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 18 желтоқсанда №5592 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жезқазған қаласы әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.
3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жезқазған қаласының әкімі **Қ. ӘБСАТТАРОВ**

ПРОЕКТ

О признании утратившим силу постановления акимата города Жезказган

На основании Законов Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправления в Республике Казахстан», «О правовых актах» акимат города Жезказган ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Признать утратившим силу постановление акимата города Жезказган «Об утверждении государственного образовательного заказа на дошкольное воспитание и обучение, размера родительской платы» от 13 декабря 2019 года №40/01 (зарегистрировано Департаментом юстиции Карагандинской области 18 декабря 2019 года №5592).
2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Жезказган.
3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после первого дня его официального опубликования.

Аким города Жезказган **К. АБСАТТАРОВ**

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ...

Елге сыйлы болған ел ағасы Рақымжан Жұмбаев туралы өткен шақта айту қиын. Жезқазғанның дамуына өлшеусіз үлес қосқан қаржы саласының ардагері өмірден озды деген хабар келгенде бәріміздің қабырғамыз қайысты.

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ АН ЕДІ



Абай: «Тірі адамда жүректен аяулы жері бола ма? Қазақтың жүректі кісі дегені – батыр кісі дегені. Онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап білмейді.

Біреудің басына қиындық іс түсе қалса қол созып, көмек көрсетіп, қиындығына ортақтасуды парызы санайтын Рақымжан Жұмбаев өзінің адами болмысымен ортасына сыйла да құрметті еді.

Айып БАЙҚАСЫНОВ, Ардагерлер кеңесінің төрағасы

ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ

ҰЛТТЫҚ ИДЕЯДАҒЫ ҮШТІЛДІЛІК САЯСАТЫНЫҢ РӨЛІ



Тіл қай ұлтта, қай мәдениетте болса да қастерлі де, маңызды рөл атқарған және осы күнге дейін ұлт идеясында маңызды алдыңғы орында тұратын мәдени құралдардың бірі десем артық айтпаспын.

Өзіміздің ана тілімізге келсек, ол Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық құндылықтары мен идеяларының негізі және бірегей құралы! Тарихымыз бен болашағымыздың айнасы!

Алға қойған мақсаттарға жете аламыз! Ел саясатында Қазақстан Республикасының ұлтаралық келісім стратегиясында, орыс тілі маңызды орын алады.

Қасым-Жомарт Тоқаев та әр Жолдауында басты назарға алады. Өйткені азаматтарымыздың басқа мемлекеттермен бәсекеге қабілетті екендігін дәлелдеу және көрсете білу жолында тілдің рөлі, оның маңызы тарихпен дәлелденіп тұрғаны айқын.

Менің ойымша еліміз өзінің ұлттық бірегейлігін сақтап және де оны келесі ұрпаққа жеткізе білу үшін біріншіден, ана тілімізді білу қазақтың әр азаматына парыз, ал сол бірегей идеяны жаһандық аренаға шығарып, мемлекеттіміздің әлемдегі орнын айқындап, оны бекітіп, сақтап қалу үшін жан-жақты даму және прогресс керек.

Мейіраң РАЙЫМҚҰЛОВ, Жезқазған жоғары медициналық колледжінің 2-курс студенті

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК КІЛТІ

Тіл – халықтың тарихы, шежіресі, халықтың күллі өмірінің жасағырығы мен ізі. Тіл – адам қатынасының аса маңызды құралы. Тіл – біздің өміріміз бен қоғамымыздың ажырамас бөлігі.

Қазақ тілі – тек қазақ халқының тілі емес, мемлекеттік тіл – ортақ тіліміз. Қазақстанда тұратын, оны Отаным деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриоты деп есептейтін азаматтардың тілі. Өрине, Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Себебі, әрбір ұлт өз ана тілін меңгеріп, күнделікті өмірде кеңінен қолданбаса, оны жекеленген ұлт деп толық айта алмаймыз.

Қазақ тілі – тек қазақ халқының тілі емес, мемлекеттік тіл – ортақ тіліміз. Қазақстанда тұратын, оны Отаным деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриоты деп есептейтін азаматтардың тілі. Өрине, Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Себебі, әрбір ұлт өз ана тілін меңгеріп, күнделікті өмірде кеңінен қолданбаса, оны жекеленген ұлт деп толық айта алмаймыз.

Бүгінгі таңда Қазақстан үшін үш тұғырлы тіл – елдің бәсекеге қабілеттілігіне ұмтылуындағы бірінші каламы десе де болады. Өйткені, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін қазақстандықтар өз елінде де, шетелдерде де бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады. Сондықтан, елімізде тілдердің үш тұғырлы саясатының жүргізілуін дұрыс деп есептейміз. Үш тілді қатар меңгеру – әлемдегі ең дамыған 50 елдің қатарына қосылуы жеделдетте түсетіні сөзсіз.

Мәдина СЕРІКБАЙ, информатика пәні мұғалімі

ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТКЕ ЖОЛ АШАДЫ

Ана тілінен бөлек бірнеше тілді қатар меңгеріп, шебер әрі сауатты сөйлеп, жаса алатын адамға тап қалатынымыз, оған қатысты көп тастайтынмыз да рас. Шынында қоғам арасында көптілділікке қатысты қарама-қайшы мәндегі түрлі пікірлер қақтығысы туындағанымен, дүниежүзінің мыңдаған, миллиондаған қашықтығында орналасқан халықтың тілін үйрену, сөзінің мағынасын ұғыну арқылы өзге жұрттың ішкі дүниесіне, өзінше бай мәдениетіне тереңнен сүңгіп, дәст-ұрпақ, салт-санасымен танысуға мүмкіндік алатынымыз шүбәсіз.

Қазақстанда қазақ тілінен кейін қолданыс арнасы кең тіл – орыс тілі. Осы тұста кеңестік кезеңнен бері қасымыздан қалмай, қолданыс қазынасына қалыспай келе жатқан солтүстіктегі көршілеріміздің ана тілін қолданушы қазақтардың саны жиілігіне күйінетін, керісінше, сүйінетіндер де айтарлықтай екені баршамызға мәлім.

Аталмыш мәліметке сүйенсек, елімізде қазақ тілінде сөйлеушілердің саны артып келеді екен. Бұл – өрине, қуанышты жағдай. Мәліметтер бағасы бойынша Қазақстандағы түркітілдес халықтардың ішінде өзбектердің 95,5 пайызы, ұйғырлардың 93,7 пайызы, қырғыздардың 92,7 пайызы қазақ тілін тұрмыстық деңгейде, ал 12 пайызы жоғары деңгейде меңгерген.

Әлемдегі 71 ірі тілдің қатарына еніп, қолданушылар саны 10 миллионнан асатын 40 тіл арасынан ойып орын алған қазақ тілі сұлу, таза, сырлылығымен, сөздік қорының байлығымен жаһан халқын тамсандырып келеді. Болашақтың кілті білімде екенін жиі айтамыз. Білім-ғылымның, технологияның тілі оны нарыққа шығарған мемлекеттің тілімен тығыз байланысты. Ендеше, бізде дамыған елдердің мол рухани таным мен өндірістік жетістіктерін меңгеріп, дамыған елдер тізбегінің төріне жайғасуды ойласақ, орыс және ағылшын тілдерін үйрену мүлде артықтық етпейді. Бұл – уақытпен дәлелденген тәжірибе.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

НАРЫҚ

Қара базарда да, жылтыраған сауда үйінде де, одан бөлек сан алуан қызмет көрсету орындарында да клиент құқығы жеті тапталатыны белгілі. Бытыр арнайы жүргізілген саудаламада ел тұрғындары тұтынушылар құқығын жеті бұзатын бес саланы атапты. Олар – медицина, темір жол, қалааралық және халықаралық автотасымал, білім мекемелері және байланыс қызметі.

Жіні жасалатын шағымдар

Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтановтың өзі «Тұтынушылардың көрсетілген қызметке көңілі толмайтыны әлі де болса жоғары болып тұр. Сатып алушыларды мазалайтын сұрақтар жыл сайын қайталанды», – деп мойындаған болатын.

Бытырдың өзінде министрлікке 30 мыңға жуық шағым жолданған. Соның нәтижесінде қазақстандықтарға 249 млн теңге қайтарылды.

Тұтынушылар құқығын қорғау комитетінің хабарлауынша, азаматтар кәсіпкерлерге қатысты мынадай мәселелер бойынша жиі шағымданып жатады: сапасыз тиісті деңгейдегі немесе тиісті деңгейдегі емес тауарды қайтып алудан немесе айырбастаудан бас тарту; сатушы немесе тауар туралы ақпаратты ұсынудан бас тарту; тауарды алғанын және қажетті сертификаты бар екенін растайтын құжатты көрсетпеген; жұмысты сапасыз орындау; қызметті сапасыз көрсету; келісімшарт толтыру кезінде тұтынушылар құқын бұзу; форс-мажор жағдайында келісімшартты бұзу кезінде алдын ала төлемді қайтарудан бас тарту.


«Сатыбалды» тұтынушылар құқығын қорғау қоғамдық бірлестігінің төрағасы Серік Моңғашевтің айтуынша, тұтынушылар құқығын көп бұзатындардың бірі де бірегейі микроқаржы ұйымдары екен.

Негізінен «Банк және банк қызметтері туралы» заң талаптары жиі сақталмай жатады. Әсіресе, «Займер», «Тенге КЗ», «Көке» сияқты микроқаржы ұйымдарын атап айта аламыз. Тұтынушылар құқығына бейжай қарайтын мекемелер қатарында пәтер жөндеумен айналысатын құрылыс ұйымдары да бар. ЕКВ Group ЖШС 3 млн теңгеден аса сомадағы келісімшарт міндеттемесін орындамай қойған. Сарыарқа аудандық соты болса, шешімді зардап шегушілердің емес, заң бұзушылардың пайдасына шешіп берген. Көп жағдайда микроқаржы ұйымдарынан несие алып, оны уақытылы төлей алмаған зейнеткерлердің құқығын қорғап, көмектесуге тура келеді.

Іс сот орындаушыларына кетіп қалса олар зейнетақы шотын бұзғатан тастайды. Ал бұл заңға қайшы. Олар зейнетақы төлемі бойынша мемлекеттің орталыққа қағаз жіберіп, өз кезегінде зейнетақының 50 пайыздан көп емес бөлігі ғана ұсталуы керек, – дейді С.Моңғашев.

Тұтынушылар құқығын қорғау саласындағы саясатты қалыптастыру басқар-

толқынға аян. Сол тұстағы дағдарысқа ұшыраған Қарағандының ахуалы өте қиын болатын. Басты мақсат – Жезқазғанның экономикалық әлуеті арқылы көмірлі қаланы көтеру еді. Мен 1996 жылы облыстық қаржы басқармасы басшысының салық жөніндегі бірінші орынбасары болып келген болатынмын. Барлық есеп-кітап қолдан өтеді. Жоғары жаққа барып та жиі есеп беріп жүрдік. Сонда қаржы-экономикалық жағдайынан Жезқазған облысы республика бойынша бесінші орында тұрды. Ал, Қарағанды көш соңына таяу болатын. Қарағанды облысына қосылған кезде қаланың қаржы бөлімін басқарып келген Рақымжан Жұмбаевтың зейнет жасынан асқан кезі еді, құрметті демалысына кететін болды. Сол кезде мені қала әкімі Жұмамәди Ибаділлин қаржы бөлімін басқаруды қолға алып, бірлесіп жұмыс істеуге шақырды. Сонымен 1997 жылдың 13 мамырынан бастап мен қалалық қаржы бөлімін басқаруға кірістім. Міне, сол тұста мен Рақымжан ағаның қамқорлығын сезініп, іскерлігі мен тәжірибесінен мол тәлім алдым. Жезқазған мен Сәтбаев қалаларының әкімшілігі бөлек болғанымен бюджеті ортақ еді. Екі қаланың бюджетінің көлемі 2 млрд. теңгеге жетпейтін. Біз қанаттас қаланың әлеуметтік сала қызметкерлерінің жағдайына нұқсан келмейтін көздеп қаржыландыруды ең ауелі Сәтбаевтан бастайтынбыз. Бюджеттік мекемелердің қызметкерлерін айлықсыз қалдырмау үшін аянып қалмай, қолдан келгенін бәрін жасады. Сол уақыттағы күрделі жағдайды ойдағыдай еңсеріп шығуда Рақымжан Жұмбаевтың еңбегі ерен.



масының басшысы Олжас Сейітбеков қолға алынған E-tutynushy онлайн қосымшасы әлі өз тиімділігін көрсете қоймағанын айтады.

– Онлайн жобаның басты мақсаты – кәсіпкер мен тұтынушы арасында дәнекер болу. Қазіргі талапқа сәйкес кәсіпкер тұтынушының шағымнама 10 күн ішінде жауап беруі керек. Жауап бермесе әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Жоба енді ғана басталғандықтан бірқатар кемшілігі бар. Біз сол қателермен жұмыс істеп жатырмыз, – дейді О. Сейітбеков.

Қоғамдық ұйымдар жұмысы нәтижелі ме?

Қазір елімізде тұтынушылар құқығын қорғауды мақсат еткен 50-ден аса қоғамдық бірлестік жұмыс істейді. «Әділет» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары Тұрсын Жағыпарованың айтуынша, салада шешімін таппай дағдарып тұрған мәселелер көп. Соның бірі – қаржыландыру проблемасы.

– Тәуелсіздік алғалы бері 30 жыл ішінде бұл салада үлкен нәтижелерге қол жеткізе алмадық. Заңға 2016 жылы енгізілген өзгеріске сәйкес тұтынушылар құқығын қорғаумен айналысатындарға демеушілік жасалмайды. Бұл бір жағынан алғанда дұрыс та шығар. Себебі кейбір ұйымдар кәсіпкермен бірігіп, тұтынушылар құқығы назардан тыс қалуы мүмкін. Алайда кез келген іс алға жылжу үшін қаржыландыру керек. Онсыз көп шаруа шешілуі кезегін күтіп қалады. Сондықтан бұл мәселеге министрлік те бас ауыртуы керек. Тағы бір айта кетерлік нәрсе – бірыңғай ақпараттық жүйе де дұрыс жұмыс істеп тұрған жоқ. Тұтынушылар құқығын шешу жолында тек министрлікке сүйенбей, жергілікті билік органдарына арнап ынғайлы жүйе жасауымыз керек, – дейді Т.Жағыпарова.

Сондай-ақ С.Моңғашевтің айтуынша, тұтынушылар құқын қорғайтын бірлестіктер мен прокуратура арасында бігіпес күрес бар.

– Біз істі сотқа немесе тергеу органдарына дейін жеткізбей шешу үшін ұйымдарға сотқа дейінгі айыппау жібереміз. 10 күн біткен соң талап арзымын сотқа немесе жеке шағыммен прокуратураға жүгінеміз. Ал олар болса біздің позициямызды қолдай бермейді. Олар бізді сынан унитаз бен ыдыс-аяқ бойынша ғана шағымдануға құқылы деп есептейді. Бірақ олар тұтынушылар құқығын қорғау туралы заңға терең үңілер болса, азық-

түлік пен жиһаз сатып алушы адам ғана тұтынушы емес, банк, жөндеу ұйымдары, химиялық тазалау мекемелері, сұлулық салондарының қызметін пайдаланушылар да тұтынушы екенін естен шығармау керек, – дейді құқық қорғаушы.

Құқықты қалай қорғау керек?

Тап қазір елдегі тұтынушылар саны – 18,7 млн адам. Олар күніне 6 миллиард аса тауар сатып алады және қызметтер тұтынады.

Заң бойынша тұтынушылар құқын қорғаудың үш сатылы жүйесі қалыпта-сқан. Бірінші кезеңде заң аясында мүд-десі тапталған тұтынушы тікелей са-тушыға (дайындаушы, атқарушы тұлғаға) шағымдана алады. Бұл ретте қоғамдық бірлестіктер көмегіне де жүгінуге болады. Егер бұл істен нәтиже шықпаса мемлекеттік органға, яғни тұтынушылар құқын қорғау комитетіне хабарласа болады. Өз кезегінде олар бизнес иесіне қатысты әкімшілік шара қолданады. Үшінші кезең – істің сотта қаралуы. Қос тарап ортақ келісімге келе алмаған жағдайда дау-дамайға сот араласады.

Қазіргі кезде «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңға түзету-лердің 2-пакеті әзірленіп жатыр. Коми-теттің хабарлауынша, жаңа талаптар тіз-бегі әртүрлі түсіндірмелері бар құқықтық олықтықтарды, анық емес нормаларды жоюға бағытталған. Пандемия бастал-лауы бері онлайн сауданың өрістеуі де осы саладағы құқық бұзушылықтарды көбей-ткен. 2020 жылы 689 адам интернет-дү-келердің жұмысына және онлайн-қыз-меттерге қатысты шағым білдіріпті. Қа-былданған шаралардың арқасында тұты-нушыларға 13,2 млн теңге қайтарылды. 2021 жылдың бес айында 556 қазақстан-дық жүгініп, оларға 7 млн теңге қайталан тұтынушы қалтасына түскен. Осыған бай-ланысты 2-пакетте электронды сауданы тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейту жөніндегі бөлім көзделген. Ми-нистрлік 2025 жылға таман тұтынушылар құқығын қорғау саласында қанағаттану деңгейін 80 пайызға арттырамыз деп бел-сеніп отыр. Сонымен қатар «саннан – са-паға» атты ұстанымды серік еткен ұлттық тұтынушылар қауымдастығы құрылмақ. Аталған қауымдастықтың іске араласуы тұтынушылар дау-дамайын шешудегі мемлекет үлесін азайтпақ.

Абай ҚАЗБЕКҰЛЫ «Egemen Qazaqstan» gazeti



Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) басқа дін өкілдерімен жасаған қарым-қатынасын Құрандағы «Кафирун» сүресіндегі «Сендерге өз діндерің, маған өзімнің дінім» аяты анық баяндайды. Ол замандарда Араб жазирасының халықтары түрлі дінді ұстанды. Олардың арасында христиандар, яхудилер, отпарастар, пұтпарастар және сол сияқты т.б. сенім ұстанушылар болды. Пайғамбардың осы замандарда басқа дін адамдарына көрсеткен толеранттылығы парасатты адам үшін үлкен гират.

ПАЙҒАМБАР (с.ғ.с.) ОРНАТҚАН ДІНАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ

Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қалаған дінаралық келісін көріп, түсіне білмек үшін ислам тарихындағы «Мәдиналық келісім» атты парағынан мысал келтірейік.



Өрине, мұсылмандардың көсемі бұдан бұрынғы Меккеде өткізген он үш жылында да басқа сенім иелеріне толеранттылық көрсетті. Мысалы, Исламды алғаш насихаттаған жылдарында да Мұхаммед пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пұтпарастардың арасында өзінің әділдігі, сенімділігі мен төзімділігінің арқасында «Мұхаммед әмин» (сенімді Мұхаммед) атанған болатын.

ман мемлекетінің саяси басшысына айналды.

Демек, мемлекеттің өзіне тиіс нақты шарттары мен заңдары қабылданыуы тиіс. Ол заңдар ондаған жылдар бойы бір-бірімен соғысып, қырықпашық болып келе жатқан түрлі тайпалар мен нәсілдердің арасын қосып, қоғамда бейбіт әрі достық қатынасты орнатуы қажет.

Дәлірек айтсақ, пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) міндеті – мұсылмандар, христиандар және яхудилер мен пұтпарастар жасайтын қоғамда бейбіт өмірді тұрақтандыру. Осы мақсатта дүниедегі «Мәдиналық келісім» келді. Мұнда Мәдинада жасайтын әр тайпаның жауапкершілігі мен міндеттері анық көрсетілді: олардың бірінің-бірі алдындағы міндеттері мен шектеулері, ерекшеліктері мен қасиеттері және т.б.

Бұл келісімді – жаңа қалыптасып келе жатқан мұсылман мемлекетінің Конституциясы десек болады. Конституция барлық

қауымдар мен тайпаларға тең. Мұның тармақтарына ауытқыған немесе оны орындамаған әрекет дінбұзушылық және опасыздық болып саналды. Осылайша Мұхаммед пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бірнеше дінді бір араға жинап, бір мемлекет, бір қоғам құра білді.

Келісімінің бірінші және басты тармағы – Мәдина тұрғындарының барлығы – мұсылмандар және келісім жасасқан христиандар, яхудилер, пұтпарастар «бір тұтас қоғам» деп жарияланды. Адамдардың ұлтына, шыққан тегіне, діні мен тіліне қарамастан барлығы Мәдинаның азаматтары саналды. Бүгінде дәл осы жағдайды полиэтносты және поликонфессионалды Қазақстан қоғамында қалыптасқан ахуалмен салыстыруға болады.

Мемлекетіміздегі конфессиялық өзге ұлттаралық жағдай, өзге елдердегі сияқты көбіне мемлекет ішіндегі және сырттағы саяси, экономикалық және

құқықтық жағдайға тәуелді екені мәлім. Сонымен қатар, ол мемлекеттің ішіндегі 130-дан астам этносы бар ұлттаралық және 18 конфессиясы бар дінаралық қарым-қатынасқа дәл тәуелді. Сондықтан бұл тұрғыдан біздің мемлекетіміз қолына тәуелсіздік туын алған сәттен бастап қоғамдық-саяси және экономикалық тұрақтылығымен, түрлі ұлттар мен діни-сенім конфессиялар арасындағы татулық және бірлігімен ерекшеленіп отыр.

Бүгінгі Қазақ жерінде бөлінебейтін біртұтас «бір ел – бір тағдыр» концепциясымен үндескен жағдайдың арқасында тұрақтылықты қамтамасыз ететін ұлттар мен діндердің өзара байланыстың тұрақты моделі қалыптасты деп дауыстап айта аламыз. Осы конфессияларалық тұрақтылық пен этносаралық бірлікті сақтау, оны одан әрі дамыту күн тәртібінде тұрған маңызды мәселелердің бірі болып қала бермек.

Сұлтанмұрат АБЖАЛОВ

Қоғамда зайырлылық ұғымын атеизммен шатастыру үрдісі қалыптасқан. Ал бұл діндерлікке да, дінісіздікке те жатпайтынын, мемлекеттің бейтарап позициясын білдіретін ұғым екенін көбі түсіне бермейді. Сондықтан осы тақырып аясында қоғамның санасында жүрген сауалға дінтанушы Қарлығаш ЖҰМАДИЛ жауап берді.

Қарлығаш ЖҰМАДИЛ:



ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ пен ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ – ҰҚСАС ҰҒЫМДАР

– Қарлығаш ханым, бірінші көпке түсінікті болу үшін зайырлылық ұғымын түсіндіріп өтсеңіз.

– Зайырлылық – әмбебап ұғым. Әлеуметтік салада, саясатта, замануи гуманитарлық салаларда кеңінен қолданылады. Алайда, біз қолданып жүрген «зайырлы», «зайырлылық» сөздерінің түбірі арабтың «зайир», яғни «ашық», «анық» деген сөздерінен бастау алады. Бұл сөзді алғаш рет қазақ тілінде Алаш қайраткерлері қолдана бастаған, өздерінің «Алаш» мемлекетін құрудағы алғашқы заңнамаларында «ашық», «нақтылық», «адам», «адамдық», «азаматтық» деген мағыналарда пайдаланды.

шығару. Жаратылыстың барына сенбеу. Бізде әлеуметтік зерттеулер жүргізіліп тұрады. Соңғы статистикалық мәліметтерге сүйенер болсақ, еліміздегі өзін атеист деп анықтайтын азаматтардың саны артууда. Соңғы он жылдықта алты пайыз болса, 2019 жылдары он сегіз пайыздық көрсеткішке жеткен.

Алайда, бірқатар сала мамандары бұл зерттеулерге күмәнмен қарайды, себебі, өздерін «атеистің» дейтін адамдардың көбісі «агностицистер» болуы мүмкін. Бұл бөлшек ұғымдар, керек болатын болса санақ барысында бұл екі категорияны бөліп қарастыру керек.

Атеизм құбылысы – дамыған қауымдастықтар мен қоғамға тән екенін де атап кеткеніміз жөн. Мәселен, әлем бойынша бұл көрсеткіштер Скандинавия елдерінде жоғары. Біздің еліміз әлі де дамушы қоғамның өкілі екенін ескерсек, жоғарыдағы көрсеткіштердің жаңсақ болуы әбден мүмкін.

Біздің қоғамда стереотип қалыптасқан, зайырлылықты атеизммен шатастырады немесе агностикалық көзқараспен бір ұғым деп ойлайды. Ол, әрине, қате түсінік.

Зайырлылық – Құдайды жоққа шығару деген ұстаным емес, ол кез келген дінге немесе сенімге мемлекет тарапынан көрсетілетін бейтарап көзқарас. Ол көзқарастың негізгі мақсаты адамдар арасында діни алауыздықтың болмауы үшін жасалады. Атап айтқанда, діни бірлестіктер мемлекеттен тәуелсіз, сондай-ақ, оларға мемлекет тәуелсіз емес.

Жалпы, зайырлылық туралы анықтамалар көп. Солардың ішінде түсінуге жеңіл кейбір сөздіктердегі «зайырлылық» ұстанымына назар аударайық: бұған «барлық діндерге бейтарап қарайтын, діни бас-

шылықтан тәуелсіз және кез келген теологиялық қағидалар мен нормалардан азат мемлекеттің белгісі» ретінде анықтама берілген.

– Дінді жоққа шығармайтын, дін таңдауға құқық бостандығы берілген мемлекетте діни саясат қалай жүргізіледі?

– Өрине, заң бар. Қоғамның жүріс-тұрысын, өмір сүруін, тұрмысын зерттейтін нәрсесіз – құқық. Мемлекет дін саласына бейтарап қозғараста болғанымен, бейберекеттікке бой бермейді.

2011 жылы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заң қабылданды. Ол бойынша Қазақстандағы барлық діндер мен конфессиялар тең құқыққа ие. Қандай да болмасын миссионерлік топ елімізге келіп, заңды тіркесуден өткен соң, қызметін жалғастыра алады. Барлығы заң шеңбері аясында болады.

– Ал осы жерде толеранттылық жөнінде сөз қозғамын келтіп тұр. Қазір қоғам арасында сәнге айналған термин десек те болады. Зайырлылық пен толеранттылықтың айырмашылығы неде?

– Толеранттылық пен зайырлылық – ұқсас ұғымдар. Зайырлылықты біз көп жағдайда мемлекетке тән сипат ретінде қарастырамыз. Ал толеранттылықты жеке басқа қатысты айтамыз.

Мысалы, мен толерантты адаммын. Яғни, біреудің ерекшелігіне, дініне, ұлтына, нәсіліне құрметпен қарау және оны қабылдай алу. Қазақстанда басқа елдер үшін үлгі деп айта аламын. Себебі, елімізде 130-дан аса ұлт өкілдері тұрады, көптеген конфессиялар бар. Көпшілік мемлекетте тұрақ та, ұлттаралық сыйласықты бәріміз көріп жүрміз.

– Қарлығаш ханым, сұхбатыңызға рахмет!

Дереккөз: KazIslam.kz

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫНА

МҮФТИЯТ ЕКПЕГЕ ҚАТЫСТЫ ҮНДЕУ ЖАСАДЫ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы халыққа екпе салдыру туралы тағы да мәлімдеме жасады. Бұған дейін жыл басында жариялаған мәлімдемесінде қажет жағдайда екпе алуға дініміз рұқсат беретінін, алайда, ол әр адамның өз еркі екендігін айтқан болатын. Бұл жолы мүфтият елдегі жағдайдың қиындауына орай халықты екпе алуға үндеді.

«Құрметті отандастар! Ислам дінінде адамның өмірі мен денсаулығынан асқан құндылық жоқ. Сондықтан әрбір адам өз денсаулығына аса мән беруі қажет. Алла Тағала «Бақара» сүресінің 195-аятында: «Өздеріңді өз қолдарыңмен қауіп-қатерге салман» деп бұйырған.

Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Емделіңдер, расында Алла әрбір дертті шипасымен қоса жарартамын», – деген.

Дана халқымыз: «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде», – деп шипа іздеуге үндеген. Сол үшін кез келген адам емделудің және аурудың алдын алу жолдарын қарастыруы тиіс.

Арайлы медицина мамандары қазіргі таңда әлемге қауіп төндірген коронавирус індетінің алдын алу үшін вакцинациялаудың адам денсаулығын сақтап қалуудың қауіпсіз және тиімді әдісі екенін айтады.

Алла Тағала халқымызды жұқпалы індеттен сақтап, науқас жандарға шипа нәсіп етсін! Әмин!» – делінген мүфтият мәлімдемесінде.

Ал шариғат бойынша зәру жағдайда екпе салуға болады. Алайда екпе салдыру – әр азаматтың өз еркі.

Өздеріңізге белгілі әлемде және елімізде пандемиялық жағдай күн сайын күрделенуде. Жұқпалы дерттен бір отбасында бірнеше адам жан тапсыруда. Бұл жағдай екпе салдыруға қатысты оң шешім қабылдау қажеттігін көрсетіп отыр. Осы ретте халықты барынша сақтанып, денсаулығымыз бен өмірімізді сақтап қалу үшін екпе салдыруға үндейміз.

Жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтаудың жолдарын қарастырма бұрын «Ұлттық бірегейлік дегеніміз не? Ұлттық бірегейліктің индикаторларына не жатады?» деген сұрақтардың мәнісін ашу қажет.

«Бірегейлік» дегеніміз латын тіліндегі «idem», «identity» «ққсау», «бірдей болу» – адамның біреуге ұқсауы, сонымен өзін теңестіру әрекеті. Э. Эриксон, З. Фрейдтің бірегейлік туралы ойын дамытып, жас баланың психосоциалды бірегейлігі дүниеге келген күннен бастап қоршаған ортамен араласу нәтижесінде қалыптасатынына, уақыт өте келе адамның өзгермелі ортада өзіндік «МЕН»-нің тұрақтылығын арттыру тәуелділігіне тоқталған.

С. Хантингтон өзінің танымал «Біз кіміз?» атты еңбегінде бірегейлікті индивидтің немесе топтың өзіндік санасы деп көрсетеді. Бірегейліктің ішіндегі ең маңыздысы ол – ұлттық бірегейлік. Ұлттық бірегейлік адамның белгілі бір ұлтқа, елге, мәдени кеңістікке жататынын білдіретін бірегейліктің құрамдас бөлігі. Ұлттық бірегейлікті зерттеу барысында ғылымда примордиалистік, конструктивистік және инструменталистік тәсілдер қолданылады.

Жаһандану әлеуметтану ғылымы әлемдік жүйенің, әлеуметтік-мәдени өзгерінің негізгі қасиеттерінің өзара әрекеттесуі арасындағы қатынас сипаттарына назар аударады. Жаһандану үдерістерін талдауда жағымды әрі негативті тұстары кездеседі. Бұл мақаламызда жаһандану үдерісінің ұлттық бірегейлікке, мемлекетке тигізетін негативті әсеріне және ұлттық болмысты сақтаудың жолдарына қысқаша тоқталамыз.

Жаһанданудың кез-келген зерттеуші Хәбибулы Хака Хонгирә: «Жаһандану – жеңіспен жетістікке жеткізетін үрдіс, әрі жаһандану – залалды. Жаһандануды кейбіреулері жолындағын бәріне жоятын пойыз ретінде көрсек, басқалары экономиканы өсіріп, жаңаруға апаратын пайданың көзі» – деп, ғалым жаһанданудағы ұтыс пен ұтылудың өзіншегі ұлттық мәдениет пен мемлекеттік ұстанымға тікелей байланысты екенін тоқтатып.

Жаһанданудың идеологы М. Уотерс, жаһандану әлемінде аумақтық шекаралар мен елдер арасындағы саяси, экономикалық қатынастардан ұлттық мүдделерден тәуелсіз жаңа әлем қалыптасатынын айтады. Қалыптасқан әлем, біртұтас қоғамды, біртұтас мәдениетті бейнелейді. Бұл дегеніміз мәдениеттердің жалпы адамзаттық мәдениетке ерікті интеграциясы болады.

Жаһанданумен айналысатын ғалымдардың кейбіреулері «әлемдік бірігу» барлық салаларда көрініс тапқанымен «дін», «мәдениет», «ұлт» секілді ұғымдардың төңірегінде жылдам қарқынмен жүзеге аспайтынына мән берген. Мысалы, С. Хантингтонның пікірінше: «...Біз батыстық идеологияның прогрессивті дәуірінің аяқталуынан бастап өткір жатырмыз, енді жаңа дәуірге қадам басқан әртүрлі мәдениеттердің өзара әрекеттесіп бәсекелестікке өмір сүреді...» десе, басқа бір еңбегінде ғалым мәдениет пен діни адамзаттық жік-жікке бөлетін, соғысты тұтандыратын қактығыстардың бастауы деп есептеген.

Ал, Гарвард университетінің профессоры С. Хоффман «әлемдік мәдениеттің жаһандануы мәдени әртүрлілікті туғызып, ұлттық мәдениеттердің, әдет-ғұрыптардың, құндылықтардың нормаларын жаңғыртуға бағытталған мәдениеттердің плюралистік синтезі (полюглобализация) деп санайды. Макс Вебердің сөзінше бұл анықтаманы талдасақ, «Әлемді аушандару» бірітуге қарсы реакция. С. Хантингтон мен С. Хоффманның тұжырымдарында мәдени унификация бірден жүзеге асып кетпейді, керісінше бұл салалар болашақта қактығыстың ошағына айналуы мүмкін деп санайды.

Мәдениеттанушылар мен әлеуметтанушылардың теорияларының анықтамаларында, тарихшылардың тарихи фактілерінде мәдениет пен діндің (менталитет) дінге тілде жатыр. Дін мен мәдениет мәселелері қазақ ойшылдарының шығармалары мен жыр-тойнауларының негізгі ұстанымы болғандығын дәлелдейтін талай тарихи-мәдени фактілеріміз баршылық. Соның ішінде дін жайында айтар ойы айқын Шөкәрім Құдайбердіұлының мына бір өлең шумағына тоқталсақ:

«Дін адамды бір бауыр қылмақ еді, Оны бөліп, дұсқандық қару жаса. Інжіл, құран – бәрі айтып тұрса дағы, Мағынасынан адашып қара басар. Сойтып бұзып, бүлдіріп есіл дінді, Дін десе білімдері тұра қанар. Ешбір дін үйтіп дұспан бол демедейді, Қанекей бұл сөзіме кім таласар».

Шөкәрім Құдайбердіұлы ешбір дін қиянат жаса, дұшпан бол демедей деп отыр. Ендеше, кінә дінде емес, сол дінді ұстанушылардың оның түп мағынасын түсінбей, дінді қолшоқпарға айналдыруында. Сойтып есіл дін бұзылады дейді.

Яғни кемшілік дінде емес, діншілдерде болып отыр. «Құран сырын түсінбей бұрса дағы, жасырмайла жарқырап тұр керемет. Жаман тәпсір жайылып жер бетіне, дін десе тұра қашты есті азамат», – дейді Шөкәрім. Білімділердің, есті азаматтардың діннен тұра қашуының негізгі себебі жаман тәпсірде деп отыр. Әлемдегі зомбылық, фанатизм, экстремизм, терроризм сияқты теріс көріністер «жаман бурмаланған тәпсірдің» негізінде жатқаны белгілі. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «дін тазасын діннен ізбетіміз» Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезінің орны ерекше деп білеміз. Себебі, XXI ғасырда әлемді тек рухани мәдениет құтқарады.

Жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтаудың жолдарын қарастырма бұрын «Ұлттық бірегейлік дегеніміз не? Ұлттық бірегейліктің индикаторларына не жатады?» деген сұрақтардың мәнісін ашу қажет.

«Бірегейлік» дегеніміз латын тіліндегі «idem», «identity» «ққсау», «бірдей болу» – адамның біреуге ұқсауы, сонымен өзін теңестіру әрекеті. Э. Эриксон, З. Фрейдтің бірегейлік туралы ойын дамытып, жас баланың психосоциалды бірегейлігі дүниеге келген күннен бастап қоршаған ортамен араласу нәтижесінде қалыптасатынына, уақыт өте келе адамның өзгермелі ортада өзіндік «МЕН»-нің тұрақтылығын арттыру тәуелділігіне тоқталған.

С. Хантингтон өзінің танымал «Біз кіміз?» атты еңбегінде бірегейлікті индивидтің немесе топтың өзіндік санасы деп көрсетеді. Бірегейліктің ішіндегі ең маңыздысы ол – ұлттық бірегейлік. Ұлттық бірегейлік адамның белгілі бір ұлтқа, елге, мәдени кеңістікке жататынын білдіретін бірегейліктің құрамдас бөлігі. Ұлттық бірегейлікті зерттеу барысында ғылымда примордиалистік, конструктивистік және инструменталистік тәсілдер қолданылады.

Жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтауға факторларға: территория, жер, шаруашылық, мемлекет, мемлекет құраушы халық, сыртқы сын-қатерлерге тұра білу, мемлекет құраушы ұлттың тілі мен мәдениеті жатады. Мемлекет дінгеінін мықты болуы аталмыш факторларға тікелей байланысты.

Жаһанданумен айналысатын ғалымдардың кейбіреулері «әлемдік бірігу» барлық салаларда көрініс тапқанымен «дін», «мәдениет», «ұлт» секілді ұғымдардың төңірегінде жылдам қарқынмен жүзеге аспайтынына мән берген. Мысалы, С. Хантингтонның пікірінше: «...Біз батыстық идеологияның прогрессивті дәуірінің аяқталуынан бастап өткір жатырмыз, енді жаңа дәуірге қадам басқан әртүрлі мәдениеттердің өзара әрекеттесіп бәсекелестікке өмір сүреді...» десе, басқа бір еңбегінде ғалым мәдениет пен діни адамзаттық жік-жікке бөлетін, соғысты тұтандыратын қактығыстардың бастауы деп есептеген.

Ал, Гарвард университетінің профессоры С. Хоффман «әлемдік мәдениеттің жаһандануы мәдени әртүрлілікті туғызып, ұлттық мәдениеттердің, әдет-ғұрыптардың, құндылықтардың нормаларын жаңғыртуға бағытталған мәдениеттердің плюралистік синтезі (полюглобализация) деп санайды. Макс Вебердің сөзінше бұл анықтаманы талдасақ, «Әлемді аушандару» бірітуге қарсы реакция. С. Хантингтон мен С. Хоффманның тұжырымдарында мәдени унификация бірден жүзеге асып кетпейді, керісінше бұл салалар болашақта қактығыстың ошағына айналуы мүмкін деп санайды.

Мәдениеттанушылар мен әлеуметтанушылардың теорияларының анықтамаларында, тарихшылардың тарихи фактілерінде мәдениет пен діндің (менталитет) дінге тілде жатыр. Дін мен мәдениет мәселелері қазақ ойшылдарының шығармалары мен жыр-тойнауларының негізгі ұстанымы болғандығын дәлелдейтін талай тарихи-мәдени фактілеріміз баршылық. Соның ішінде дін жайында айтар ойы айқын Шөкәрім Құдайбердіұлының мына бір өлең шумағына тоқталсақ:

«Дін адамды бір бауыр қылмақ еді, Оны бөліп, дұсқандық қару жаса. Інжіл, құран – бәрі айтып тұрса дағы, Мағынасынан адашып қара басар. Сойтып бұзып, бүлдіріп есіл дінді, Дін десе білімдері тұра қанар. Ешбір дін үйтіп дұспан бол демедейді, Қанекей бұл сөзіме кім таласар».

Шөкәрім Құдайбердіұлы ешбір дін қиянат жаса, дұшпан бол демедей деп отыр. Ендеше, кінә дінде емес, сол дінді ұстанушылардың оның түп мағынасын түсінбей, дінді қолшоқпарға айналдыруында. Сойтып есіл дін бұзылады дейді.

Яғни кемшілік дінде емес, діншілдерде болып отыр. «Құран сырын түсінбей бұрса дағы, жасырмайла жарқырап тұр керемет. Жаман тәпсір жайылып жер бетіне, дін десе тұра қашты есті азамат», – дейді Шөкәрім. Білімділердің, есті азаматтардың діннен тұра қашуының негізгі себебі жаман тәпсірде деп отыр. Әлемдегі зомбылық, фанатизм, экстремизм, терроризм сияқты теріс көріністер «жаман бурмаланған тәпсірдің» негізінде жатқаны белгілі. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «дін тазасын діннен ізбетіміз» Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезінің орны ерекше деп білеміз. Себебі, XXI ғасырда әлемді тек рухани мәдениет құтқарады.

Ж. ТҮСПЕБЕКОВ, Қарағанды техникалық университетінің ұстазы, облыстық ақпараттық-түсіндіру тобының мүшесі

COVID – 19

ІНДЕТТІ ВАКЦИНАМЕН ЖЕҢЕМІЗ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Қазіргі таңда Дүниежүзінде 4 млрд адам екпе салдырған. Вакциналау АҚШ, Германия, Бразилия, Қытай елдерінде қарқынды жүргізілуде. Ұлыбритания халқының 100 пайызға жуығы екпе салған. Соның нәтижесінде бұл ел қалыпты жұмыс режиміне көшіп, қоғамдық орындарды қайта ашуда. Әлем бойынша ең көп қолданылған вакциналарға «Pfizer/BioNTech», «Oxford/AstraZeneca», «Moderna», «Спутник-V» және «Sinopharm» еніп отыр.

Тікелей эфир барысында өзінің тәуелсіз дәрігер екенін, қандай да бір тараптардың пікірін қорғайтынын жеткізген Алмаз Шарман жезқазғандықтарға вакцина алуға кеңес берді. Ол әкесі, медицина ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ тағамтану академиясының президенті, Ресей медицина ғылым академиясының және Қазақстан ұлттық ғылым академиясының академигі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, Алматы және

Жезқазған қалаларының Құрметті азаматы Төрегелді Шармановтың тәрбиесі мен мол тағалымының нәтижесінде денсаулық сақтау саласына көңілі ауғанын, қазір бұл саланы таңдағанына еш өкінібейтінін, дәрігер болу арқылы әлемді танып, көптеген білікті мамандармен танысып жора-жолдас болғанын айтқан ол өзі де екпе алып, іштегі қорқынышын жеңгенін айтты.

Тікелей эфир барысында оқырмандардан келген сұрақтың көбі оның қарсы көрсетілімі тұрғысында өрбиді.

– Біз аса назар аудармаймыз, дегенмен өзіңіз алған кез келген дәрі-дәрмектің қоршап ашып қараңызшы. Оның ішіндегі түсіндірме қағазында кем дегенде 4-5 қарсы көрсетілімі барын байқаңыз. Сол сияқты қарсы көрсетілім барлық нәрседен болады. Кәдімгі күнделікті жеген нанымыздан да қарсы көрсетілім болып, ағзамызға басқаша әсер етуі мүмкін. Көп адамдар, әсіресе, антиваксерлер негізсіз, ғылыми дәлелденбеген болжамды пікірлерді алға тартып, өзгелерді де екпе алма-

уға шақырады. Сол арқылы тек өзіне ғана емес, өзгелердің де өміріне зиянын тигізеді. Тәжірибе дәлелденгендей, яя вакцина алғандар арасында ковид жұқтырғандар табылған, дегенмен олардың арасында өмірден озғандары, өкпенің жасанды тыныстау құралына танылғандар жоқ. Сол себепті, кез келген мағлұматтың рас-жалғандығына әбден көз жеткізіп барып қана әрекет етуіміз қажет, – деген Алмаз Шарманов тұрғындардан той-томалақты, отбасылық жиындарды кейінге қалдыра тұруды өтінді.

Эфирде қыз-келіншектерді алаңдатқан тағы бір сауал вакцина алғаннан кейін бала көтеру тақырыбында өрбиді. Бұл сұраққа профессор екенін II компонентті алғаннан кейін бір айдан кейін бала жоспарлауға болатынын жеткізді.

Сонымен қатар ескуден босатылатын ауру түрлерін білу үшін Денсаулық сақтау министрлігінің 146-бұйрығымен танысып шығуға кеңес берді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ДОНОР БОЛУ – ӨЗГЕГЕ ӨМІР СЫЙЛАУ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Заманауи медицинаның таптырмас жаңалықтарының бірі – адам ағзасының донорлығы. Жер бетінде жыл сайын 100800 адам ағзасын ауыстырады екен. Аталған отаның 69400-і бүйрекке, 20200-і бауырға, 5400-і жүрекке, 3400-і өкпеге, 2400-і ұйқы безіне жасалған. Біздің елімізде де ағза донорлығына эру науқастар саны 3000-нан асады. Өкініштісі – олардың барлығына қажетті ағза табыла бермейді. Жыл сайын 1000-ға жуық науқас донор табылмағандықтан, кезегі жетпегендіктен қайтыс болады.

Адамның қандай да бір ағзасы сыр беріп, істен шыға берген сәттен бастап ағзын дегенде 1-2 жыл көлемінде қажетті донорды тауып үлгеру қажет. Болмаса қызметі төмендеген ағза өзге де дене мүшелерін істен шығаруға көшеді.

Әлемдік донорлық және транспланттау обсерваториясының хабарлауына, Африка, Америка, Еуропа, Шығыс Жерорта теңізі аймағы, Тынық мұхитының батыс бөлігі, Оңтүстік-шығыс Азия аймағында донорлық пен адам ағзасын ауыстыру кең таралған. Жалпы ДДС-ның бастамасымен, оның ішінде біздің елімізде де адам ағзасын сатуға тыйым салынады. Донор болғыңыз келсе, eGov арқылы өтініш беруге болады. Бір бүйректен өмір сүру ықтималдығы жоғары. Ал енді өлгеннен кейін бүкіл донорлыққа жарамды ағзанызды табыстауыңызға да болады. Дегенмен мұның барлығы заңды түрде жүзеге асуы шарт. Дүниежүзі бойынша адам ағзасын заңсыз саудалайтындарға қатысты «қара базар» ұғымы қалыптасқан. Аталған базарда адамдар өзінің немесе өзге адамдардың ағзаларын заңсыз сатып, ақша табады. Бұл тұста адам ағзасының қанша уақыт, қандай температурада сақталатынын білетін дәрігерлердің де қатысуы барын жасыра алмаймыз. Себебі, екінші бірі адамның өкпе-бауыры мен ішек қарынын ақтарып, екінші біреуге орнатып бере алмайтыны айдан анық. «Қара базардың» саудасы кызық тұрған елдер қатарын АҚШ бастайды. Бұл Қытайда да баршылық. Бұл елдерде адамдарды, кішікенті балаларды ұрлап әкеліп, ағзасын саудалайтын қылмыскерлер тым көп. Аспан асты елінде адам ағзасы тіптен арзанға бағаланатын көрінеді.

Қазақстандық кейбір сайттардан да ашықтан ашық бүйрегін саудалап бірдей ағза донорлығын заңмен бекіту керек деген ұсыныстар көтеріліп жүр. Жуық арада әлеуметтік желіде өзінің «Gov порталында донорлық есепте тұрғанын біліп, шу шығарған жастардың таңданысы қоғам арасында қызу талқыға түскен еді. Аталған дерекке қатысты жауап берген жауапты органдар егер де кімде-кім өлгеннен кейін өз ағзасын донорлыққа қалдыруға

қарсы болса, арнайы өтініш жазып қалдыруы немесе оны электронды үкімет порталына тіркеуі тиіс екенін ескертті. Не болса да өлген адамның жақын туыстарының келісімі сұралатын болады.

Уақыт керуені алға озған адам бала-сы ашқан жаңалықтар да қайран қалдыруда. Солардың қатарында кенотрансплантация да бар. Бұл дегеніміз – жануардың ағзасын адам бойына орнату. Алғашында маймылдың, құстың жүрегін орнату аталарының нәтижесі 20 күннен 130 күнге дейін созылып жүрді. Кейіннен кенотрансплантацияда адамға шошқаның ішкі ағзаларын салу тиімділігін көрсетіп, қарқын ала бастады. «Нәліктен шошқа?» деген ой келер? Себебі осынау таңқы танаулы жануардың ішкі ағзаларының жұмыс істеуі, олардың көлемі, салмағы адамдікімен сәйкес келеді екен. Бүгінде ғалымдар өзге тіршілік иелерінің ағзаларын да зерттеп, тәжірибе жасау үстінде.

Қан беру, ағза алмастыру сынды жайттарға бүгінгі қазақ қоғамының әлі де бой үйрете қоймағаны рас. Осы тұста көп тұрғындар діни сенімдерін алға тартады. Бұл мәселелерге қатысты дін саласы ғалымдарының пікірі де қосқа бөлінген. Дегенмен олар ортақ шешімге келе отырып, аса қажетті жағдайда жақынының өмірін алып қалуға қолданылатын құрптарлық саналған. Тек бұл сенім өзінің өміріңе зиянын келтірмеуі қажет. Сондай-ақ, адамның сыртқы келбетін бұзатын, бір көзін немесе қол-аяғын беру сынды трансплантацияларға рұқсат жоқ.

Өзірге Жезқазған қаласында трансплантация отасы жүргізілмейді. Дегенмен көпсалалы ауруханана трансфузиология кабинеті бар. Мұнда қажетті донорлық қандар Қарағандыдан әкелінеді.

– Бір адамнан 450 грамм қан алынады. Ол қанды алып науқасқа құя салмайды. Қанды ескіге бөледі. Біріншісі – плазмаға, екіншісі эритроциттік қосындылар. Алғашқысы мұздатқышта -35 градуста қатырылып сақталына, екіншісіне +6 градус тоңазытқыш температурасы жеткілікті. Көбіне донорлықта ер адамдардың қаны қолданылады. Ең сирек кездесетін, таптырмайтын қан тобы – 4 топ. Қазіргі таңда қаладағы эпидемиологиялық ахуал тым күрделі. Сол себепті COVID-19 індетін жұқтырғандарға қан көптеп қажет болып тұр, – деген аталған кабинеттің қан сақтауға жауапты мейрбикесі Айгүл Құрманалина донор өзінің өмірін құтқаруы қана қоймай, өзінің қан айналымының дұрыс жұмыс істеуіне мүмкіндік туыратынын еске салды.

Донор болу немесе болмау еркі өзіндік. Ойланп, ой қорыта отырыңыз, оқырман!

Ай СҮГІР

Қазақстандықтардың зейнетақы жинақтары 12,8 триллион теңгені құрады

2021 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша Бірыңғай БЖЗК жинақтары зейнетақы қоры салымшыларының шоттарында 12,8 триллион теңге зейнетақы жинақтары қалыптасты. 01.07.2020 жылдан бастап 01.07.2021 жылға дейін зейнетақы жинақтарының сомасы 992 миллиардтан аса теңгеге немесе 8%-ға өсті.

Зейнетақы жинақтарының негізгі сомасы міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен жинақталды, оның мөлшері 12,4 трлн теңге (соңғы 12 ай ішіндегі өсім – 8%). Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы 331,5 млрд теңге (өсім 18%), ал ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы 1,8 млрд теңгеге жетті.

2021 жылдың алты айында БЖЗК салымшылары өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда көбірек қаражат салған. 2021 жылғы 1 шілдегі жағдай бойынша салымшылардың шоттарына жалпы көлемі шамамен 811,8 млрд теңге зейнетақы жарналары аударылған, бұл 2020 жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 286,8 млрд теңгеге немесе 55%-ға асып түсті. Жарналардың жалпы көлемінің 95,6%-ын БЖЗК-ға МЗЖ бойынша түсімдер құрайды, олардың сомасы – 602,2 млрд теңге (соңғы 12 ай ішіндегі өсім 20%), МКЗЖ бойынша 27,3 млрд теңге (өсім 14%) түсті, ЕЗЖ бойынша 299 млн теңге (өсім 39%) аударылды.

Зейнетақы жинақтарының айтарлықтай өсуі, салымшылардың салымнамын бөлек, 2021 жылғы 1 қаңтар мен 1 шілде аралығында 753,3 млрд теңгені құраған таза инвестициялық табыстың арқасында орын алды. Ол өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 39% немесе 210 млрд теңгеге артық. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқаруындағы БЖЗК зейнетақы активтері бойынша кірістілік жыл басынан бастап 1 шілдеге 6,1% болса, инфляция 4,6% құрады. Соңғы 12 айдағы кірістілік 12,1%, осы кезеңдегі инфляция 7,9% болды.

2021 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша БЖЗК-дағы жеке зейнетақы шоттарының саны 11,6 млн бірлікті құрады. Шоттардың ең көп саны міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) бойынша ашылды, олардың саны – 10 907 549. Одан әрі МКЗЖ есебінен қалыптасқан шоттар саны қазір 47 490 бірлікке тең. Жыл басынан бері БЖЗК салымшыларына 1,7 трлн теңгеден астам төлем жасалды. Төлемдердің 1,6 трлн теңге көлеміндегі басым бөлігін біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ) құрады. Жас мөлшері бойынша төлемдер екінші орында – 46,8 млрд теңге. Одан әрі сақтандыру ұйымдарына аударымдар шамамен 37,7 млрд теңгені, мұрагерлік бойынша төлемдер 30,5 млрд теңгені, ҚР шегінен тыс ТТЖ кетуіне байланысты төлемдер 17,3 млрд теңгені, жерлеуге берілген төлемдер 2,5 млрд теңгені және мүгеделіктің бойынша төлемдер 1,1 млрд теңгені болды.

Кесте бойынша ай сайынғы орташа төлем сомасы (зейнет жасына толуына байланысты) 28 708 теңгені, ал ай сайынғы төлемнің ең жоғары сомасы 673 643 теңгені құрады.

«БЖЗК» АҚ баспасөз орталығы

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

АИТВ: АДАМ ҚОРҒАНЫШ ТАПШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚОЗДЫРҒЫШЫ

Дүниежүзі ЖИТС жайында алғаш рет бізге оны отыз жылдан астам уақыт өтті. Жылдар өткен сайын індет барлық жерде таралып, оның зардаптары ойлағандардан әлдеқайда ауыр болды. Әлемде АИТВ жұқпалымен әр минут сайын 10 адам тіркеледі. АИТВ(ВИЧ) адам ағзасын әр түрлі инфекциядан қорғайтын қорғаныш (иммунды) жүйесін зақымдайды. ЖИТС (СПИД) – жұқтырған қорғаныш тапшылығының белгісі. Қорғаныш жүйесі әлсізден кезде адам кез-келген ауруға, әсіресе жұқпалы ауруларға (құрт ауруы-туберкулез, өкпе қабынуы) қабылдағыш болады. Ондай жұқпалы аурулар «опортунистік» (қалайы жағдайларды пайдалана білетіндер) деп аталады, себебі олар адам қорғаныш жүйесі әлсізден ауру қоздырышына қарсы тұру қабілеті әлсізден кезде пайда болады. Қазіргі кезде АИТВ жұқпалысының даму қарқынын тоқтататын дәрі-дәрмектер бар. Басқа дәрі-дәрмектермен «опортунистік» жұқпаларды алдын алу немесе емдеуге болады. Егер ерте анықтаса оның алдын алу және емдеу мүмкіндігі көбірек болады.

- АИТВ жұқпалысын бірнеше жүзу жолдары бар: 1) жыныстық қатынас арқылы – сақтанбаған (мүшекапсыз) жыныстық қатынас; 2) қан арқылы; 3) Шприц, ине және басқа да инъекция құралдарын ортақ қолдану; 4) Тату ширинг үшін заласыздандырылмаған құралдар қолдану; 5) Бөгде адамның қырынатқан заттарын, көзге көрінетін қан қалдықтары бар тіс щеткаларын қолдану нәтижесінде; 6) Жұқпалы бар қан тапсырушының қанын құйғанда; 7) АИТВ оң нәтижелі анадан балаға – жүктілік, босану және емізу кезінде.

- АИТВ-ны жұқтырмайтын жағдайлары 1) қол алысып амандау, достық құшақтау мен сүйісу арқылы, түшкіру мен жетеу; 2) өндірістік және тұрмыста қолданылатын заттар (компьютер, асуылғы ыдыс-аяқтар және орамал-төсек құралдарын пайдаланғанда, бір душпен бассейнде, дәретхананы қолданғанда) арқылы; 3) спортпен шұғылданғанда, бір бөлмеде АИТВ-ны жұқтырған адамдармен болғанда; 4) қоғамдық көлікте;



- жәндіктердің шағуы, жануарлардың тістеуі арқылы. АИТВ оң нәтижелі адамдармен тұрмыста араласу мүлдем қауіпсіз; АИТВ жұқтырған адам пайдаланған кітаптар, кенсе керек-жарақтары, жиһаз, телефон арқылы АИТВ жұқтыру мүмкін емес. АИТВ-ны қалай анықтауға болады? Сыртқы келбетіне қарап, адам АИТВ-ны жұқтырғанын білу мүмкін емес. АИТВ-ны анықтаудың жалғыз әдісі – қанды лабораторияда тексеру, яғни арнайы әдіспен қоздырғышқа қарсы денелерді анықтау. Қарсы денелер дегеніміз ол организмде қоздырғышқа қарсы жауап ретінде пайда болатын белоктар. Оң нәтижелі анализ дегеніміз ол адам қанында қоздырғышқа қарсы денелер бар дегенді білдіреді, яғни ол адам АИТВ-ны жұқтырған. Теріс нәтижелі анализ, яғни АИТВ-ға қарсы денелер қанында анықталмаған. Теріс нәтиже қандай жағдайларда болуы мүмкін: Егер адам АИТВ-ны жұқтырмаған болса; Адам АИТВ-ны жұқтырған күнде де, адам қанында АИТВ-ға қарсы денелер пайда болып үлгермейді, сол себепті қан анализін нәтижесі теріс болады (жасырын «стерезе кезеңі»); Жасырын «стерезе кезеңі» деген не? Ағзаға тест-жүйелерімен анықтауға жеткілікті мөлшерде

СПОРТ

ҚАРАҒАНДЫЛЫҚ ММА СПОРТШЫЛАРЫ

Әлем чемпионатында қола медаль жеңіп алды

Қарағандылықтар Игорь Ахматов пен Никита Лямин ММА бойынша жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионаты кезінде тұңғырдың үшінші сатысына көтерілді. Жарыс Болгария астанасында өтті, 23 елден 300-ден астам спортшы жиналды. Бұл туралы облыс әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлады.



Қазақстан Республикасының намысын 29 спортшы қорғады. Жарыс 14-15 және 16-17 жас аралығында өтті. Қарағандылықтар ересектер тобында қола жүлдегер атанды.

– Біз Қарағанды облысы ММА Федерациясының жас өкілдері ең жоғары халықаралық деңгейде лайықты өнер көрсеткеніне қуаныштымыз, – делі Қарағанды облысы ММА федерациясының басшысы Владимир Абросимов. – Никита Лямин аралас жекпе-жекпен екі жылдан аз уақыт айналысып келеді, алайда қазірдің өзінде осындай нәтиже көрсетті. Жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатының қола жүлдегері – әзірге оның ең жоғары марапаты. Игорь Ахматов – тәжірибелі күрескер. Ол қазірдің өзінде беделді халықаралық біріншіліктерге, бірақ күшті жекпе-жектің басқа түрлері бойынша марапаттарға ие болды.

ММА бойынша Әлем чемпионатында Игорь төрт өлке, ерікті жекпе-жек өткізді. Соңғысында төрешілер шешімімен қарсыласына есе жіберіп алды.

Жаттықтырушы балалардың жеңіске деген ұмтылысын атап өтті және олардың тәлімгерлеріне жақсы дайындықтары үшін алғыс айтты.

Әлем чемпионатының қорытындысы бойынша қазақстандық команданың есебінде бір алтын, үш күміс және сегіз қола жүлде бар. Бұл ретте тоғыз медальді қыз балалар жеңіп алды. Жалғыз алтынды Батыс Қазақстан облысынан Райяна Ақдәулетова алды.

«Saryarqa-ақпарат»

Коронавирус - ОНЫ ЖЕҢУДІҢ ЖАЛҒЫЗ ЖОЛЫ ЖАҚПАЙ ВАКЦИНАЛАУ БОЛЫП ОТЫРҒАН ТАРИХТАҒЫ АЛҒАШ ІНДЕТ ЕМЕС

20 ғасырда вакцина алғанға дейін 300 миллионнан астам адам шешектен қайтыс болды

1994 жылдан бастап полиомиелитке қарсы вакцина егліе бастаған соң АҚШ, Қытай, Жапония және Оңтүстік Корея, Еуропа және Оңтүстік-Шығыс Азия "ата-аналардың қасіреті" деп аталып кеткен аурудан құтылды

Вакцина ойлап табылғанға дейін қызылша жылына орта есеппен 2 млн 600 мың адамның өмірін қиятын

Соңғы жылдары АҚШ пен Еуропада қызылшамен ауыру көрсеткіші қайта артып отыр, оған себеп - әлеуметтік желілерде кеңінен тараған "вакцинаға қарсы" адамдардың пікірі

COVID-19-ға қарсы вакцина алыңыз! Жақындарыңызға жанашыр болыңыз!

kazinform CORONA VIRUS2020KZ

лады, науқастың өлімінен аяқталады. Зендер, бактериялық вирустар арқылы өмірге қауіп төндірмей ауыр аурулардың дамуымен сипатталады.

- Сондықтан АИТВ-ның алдын алудың негізгі төмендегілер болуы тиіс: 1) Қауіпсіз және жауапты тәртіп, салауатты өмір салты. 2) Ерте жыныстық қатынастан бас тарту. Негеке тұрмай тұрып жыныстық қатынаста болудан бас тарту нағыз терек қатынасты құруға, төзім мен өзін-өзін бақылауды дамытуға, жұқпалармен зақымдану қорқынышынан сейілуге ықпал етеді, ерлі-зайыпты ретінде бірегей қатынасты сезінуге көмектеседі, жыныстық жолмен берілетін инфекцияларды жұқтыру үрейінен және оның салдарынан арылғады. 3) Неке адалдығын сақтау. 4) Кездейсоқ жыныстық қатынаста мүшекапты пайдалану. 5) Жеке бас гигиенасын сақтау.

Адамдағы ең қымбат нәрсе – бұл өмір. Өмірдегі ең басты нәрсе – денсаулық. Өз денсаулығымызға күтім жасау арқылы біз болашақ ұрпағымыздың денсаулығы туралы ойлаймыз. Өзінді жақсы сезіну үшін салауатты өмір салтын ұстауға тырысу қажет. Салауатты өмір салты адам организмнің даму заңдылықтары туралы ақпараттануымен, ненің зиянды, ненің пайдалы екендігін білуімен тығыз байланысты. Аурудың ішіндегі ең қауіптісі – надандық. Салауатты өмір салты жеке бас гигиенасы ережелерін сақтаудан, денені шынықтырумен айналысудан, дұрыс тамақтанудан, алкоголь мен есірткі қолданудан бас тартудан, әртүрлі күйзеліске қарсы тұра білуден тұрады. Пайдалы және зиянсыз әдеттер денсаулықты сақтау мен нығайтуға ықпал етеді.

Гүлбаршын ӘЛШЕВА, «Қарағанды облыстық ЖИТС-тың алдын алу және күресу жөніндегі орталығы» КМК Жезқазған бөлімінің дәрігер-эпидемиологы